

# Болашақ жастардың қолында

Аудан тұрғыны Диар Қожақов мемлекеттік бағдарлама аясында кәсіп ашты

Бүгінгі таңда іс бастап, еңбек етемін деген жастарға көмек молынан көрсетіліп жатыр.

Жұмыссыз жастарға түрлі бағдарламалар қарастырылып, мемлекеттің көмегіне жүгінген жастардың саны күн санап өсіп келеді. Меңдіқара ауданында да мемлекеттік бағдарлама аясында қаржылай көмектің арқасында кәсіп ашып жатқан жастарымыз бар.

Меңдіқара ауданы Боровское селосының тұрғыны Диар Қожақов қазіргі таңда жас кәсіпкер атанып отыр. Мемлекеттік бағдарлама аясында грантқа қол жеткізіп, өз ісін бастап отырған жастардың қатарынан көрінген Диар Бекболатұлы өз ісін бастап кеткен көрінеді.



Ел намысын асқақтатар спортшылар

Жас кәсіпкер алғашында «Бастау Бизнес» курсы бойынша білім алып, кейіннен өзінің ойын іске асыру мақсатында бизнес жоспар құрады. Бизнес жоспарын ойдағыдай қорғап, грантқа да қол жеткізеді.

Жерлесіміз Диар жастайынан спортқа жақын болған. Бала күнінен спорттық шаралар мен жарыстарда үлкен нәтиже көрсетіп, талай мәрте аудан намысын ірі додаларда қорғаған.

3 сыныпта алғаш қолына былғары қолғап киіп, спортшы атанған Диар спорттың қыр-сырын үйреткен жаттықтырушылармен, бала күнін еске алды. Сол кезде ауданымызда еңбек еткен Дәрмен Шәймерденов Диардың спорт әлемінде ойып орын алуға үлес қосқан екен. Студенттік шағында «Сұлтан» спорт мектебінде жаттығып, спорттан еш уақыт алыстамаған. Аталмыш спорт мек-



Балауса спортшылар ел болашағы



Жаттығу барысында үлкен еңбек керек



Жаттықтырушы Диар Қожақов спорттың сырын үйретуде

тебінде аға жаттықтырушы Әскер Уәлиұлы тәлімгерлік жасаған көрінеді.

- Кішкентай кезімнен

спортқа жақын болдым, ең алғаш үшінші сыныпта спортқа келіп бокспен, кикбоксингпен айналыс-

тым. Аудандық, облыстық кейіннен республикалық жарыстарда бағымды сынадым. Жақсы нәтижеге қол жеткізіп, биіктерді бағындырдым. Кәсіби жекпе-жектерде өзімді шыңдап, кикбоксингтен спорт шебері атандым. Жетістіктерім газет беттерінде және «Қазақстан Үміті» кітап беттерінде жарияланды. Әркез спортқа деген сүйіспеншілік, ата-анам мен жақындарымның маған артқан үміті мені алға жетелеп келеді. Жаспын, әлі де талай жетістікке қол жеткізермін, шәкірттерім биік шыңдарды бағындырар деген үміт бар. Ол үшін аянбай еңбек етуім керек, - деді Диар Қожақов.

Бүгінде Диар кикбоксингтен спорт секциясын ашып,

кәсібінен нәсіп тауып отыр. Мемлекеттік бағдарламаның шапағатын көрген спортшы, бүгінде балаларды спортқа шыңдап жаттықтырушы атанды. Туған жерінде, туған ауданында еңбек жасап балаларға тәлімгерлік жасауда.

Секцияда қырыққа жуық бала жаттығуда. Құжаттар толықтай рәсімделіп, тексерістен өткізіліп, ата-аналардың рұқсатымен балалар секцияға қабылданған.

Аз уақыттың ішінде спортқа жаны құмар спортшыларымыз облыста Меңдіқара ауданының намысын қолдан жібермей, үлкен нәтижеге қол жеткізген көрінеді.

- Менің мақсатым – балаларды салауатты өмірге шақыру, спортқа баулу. Қо-

лымнан келгенімді жасап, секция ашуды жөн санадым. Шүкір бастамам жаман емес. Күні бүгін қырыққа жуық баланы жаттықтырудамын. Нәтижеге де қол жеткізіп үлгердік. Облыстық жарыстан шәкірттерім Данияр Құрбердинов, Абай Хантемір және Жасұлан Қорғамбаев жүлделі орындарға ие болды.

Кикбоксинг секциясы облыс бойынша біздің ауданымызда алғаш болып ашылып жатқаны жайлы да айта кеткім келеді. Бұл оңай сала емес, дегенмен спортқа жақын жастар мен балалардың арқасында талай мәрте ауданымыздың намысы асқақтайтынына мен кәміл сенімдімін, - деді жаттықтырушы.

Ісін енді бастаған жас

кәсіпкер мемлекеттің жастарға жасаған жағдайына және іс бастап, кәсібімді дөңгелетемін деп ниет білдіргенде зор қолдау білдірген жандарға дән риза. Жаны жайсаң азамат жерлесіміз Руслан Бекешевтың да қолдауы орасан болған көрінеді. Ағалық кеңеспен қатар, демеушілік көмек көрсеткенін де айта кеткеніміз жөн.

Жаңадан ашылған спорт секциясы Ахметқазы Шоғаев атындағы мектеп-гимназиясының кіші залында өткізіліп жатыр. Жаттығу жұмыстарын өз көзімізбен көріп, болашақ чемпиондармен танысып қайттық. Көздерінде жапын, болашаққа сенім байқалады.

Тұрсынәй МҰХТАРҚЫЗЫ